


# Turkic Weekly

2018/106





### **Turkic Weekly 2018 13 (106) (16 сәуір – 22 сәуір)**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly** – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.

## ТҮРКИЯДА КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТТІК ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ ӨТЕДІ



Түркия Президенті Режеп Тайиып Ердоған елде кезектен тыс президенттік және парламенттік сайлау өтетінін мәлімдеді. Ол Ұлттық қозғалыс партиясының басшысы Девлет Бахчелимен кездескен соң осындай шешім қабылдаған.

Президенттік сайлау алдымыздағы жылдың 3 қарашасында өтуі тиіс болатын. Енді мемлекет басшысының шешімі бойынша бұл шара 2018 жылдың 24 маусымына белгіленді.

Халыққа арнаған үндеуінде Р.Ердоған: «Президент пен үкімет барынша ынтымақтаса жұмыс істегеніне қарамастан, ескі жүйе әр қадам сайын алдымыздан шыға береді. Сириядағы және басқа аймақтардағы жағдайдың өршуі жаңа басқару жүйесінің қажет екендігін кқрсетті. Осы себепті еліміздің болашағы үшін нақты қадамдарға баруымыз керек», деді.



Сәуірдің 18-і күні Әзербайжан парламентінде ( Милли Меджлис) 11 сәуір күнгі президенттік сайлауда жеңіске жеткен Ильхам Әлиевтің инаугурация салтанаты өтті. Осылайша И.Әлиев төртінші мәрте Әзербайжан республикасының президенті қызметіне кірісті.

Қайта сайланған президент Әзербайжан республикасының Конституциясының және қасиетті Құранның үстіне қолын қойып, Әзербайжан халқына адал қызмет етуге ант берді. «Әзербайжан республикасының президенті қызметін атқара отырып, Конституцияны сақтауға, мемлекеттің тәуелсіздігі мен территориялық бүтіндігін қорғауға, халыққа адал қызмет етуге ант етемін»,-- деді И.Әлиев. Инаугурация екі сағатқа созылды.

Салтанатты шарадан соң президент өз отбасымен бірге әкесі, Жалпыұлттық көшбасшы Гейдар Әлиевтың басына барып, тағзым етті.



Кеше Қырғызстан Президенті Сооранбай Жээнбеков «Қырғыз Республикасының Үкіметін отставкаға жіберу туралы» Жарлыққа қол қойды. Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес министрлер кабинетінің жаңа құрамы жасақталғанға дейін премьер-министр, оның орынбасарлары мен үкімет мүшелері бұрынғы қызметтерін жалғастыра береді.

## ТҮРКИЯ МЕН МОНҒОЛИЯ 2018-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ӘРІПТЕСТІК ЖОСПАРЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Сәуірдің 19-ында Монғолия астанасы Улан-Батор қаласында бастау алған Стандарттау жөніндегі аймақаралық ассоциация Бас ассамблеясының 27-отырысының аясында Монғолия мен Түркия арасындағы 2018-2022 жылдарға арналған Әріптестік жоспарына қол қойылды. Қол қойылған құжаттарға сәйкес, екі ел стандарттауды ұйымдастыруға байланысты алдағы 4 жыл ішінде мынадай әртүрлі шараларды жүзеге асыруы тиіс:

- монғол өндірушілері тауарларын Еуропа одағы елдеріне экспорттауға көмек жасауға ықпал ету;
- сауда істерін дамытуға және жеңілдетуге ықпал жасау;
- саудадағы техникалық кедергілерді азайту;
- метрологиялық қамтамасыз етуге және мониторингке жауап беретін біріккен жұмысшы тобын құру;
- стандарттау, сертификациялау, метрология және аккредитациялау бойынша әлеуетті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты тренингтер өткізу.

Монғолия мен Түркия арасындағы Әріптестік жоспарына қол қою Еуразия кеңістігіндегі тарихи тамырлары тереңде жатқан екі ел байланысының нығаюына жасалған маңызды қадам екені даусыз.

## ТӘЖІКСТАН МЕН ТҮРКМЕНСТАННЫҢ СІМ БАСШЫЛАРЫ ӘРІПТЕСТІК МӘСЕЛелЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Тәжікстанның сыртқы істер министрі Сироджидин Аслов пен Түркменстанның вице-премьері, сыртқы істер министрі Рашид Мередов Душанбеде кездесу өткізді.

Екі елдің сыртқы ведомство басшыларының кездесуі барысында халықаралық және аймақтық әріптестік барысы, саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы екіжақты қарым-қатынас перспективалары талқыланды.

Бұдан өзге Тәжікстан мен Түркменстанның стратегиялық әріптестігі туралы Үкіметаралық келісім жөніндегі ратификациялық грамоталар алмасу рәсімі өтті.

Сарапшылар пікірінше дәл осындай нақты форматтағы келісімдер Орталық Азиядағы интеграция процесінің өркендеуіне барынша негіз қалай алады.

## ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ КЕЗДЕСУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Қазақстанның сыртқы істер министрі Қайрат Әбдрахманов Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның қабылдауында болып, екі ел президенттерінің арасындағы жоғары деңгейлі кездесуге дайындықты талқылады.

Қазақстан Түркияның Орталық Азиядағы ең ірі сауда әріптесі саналады, сондықтан Р.Ердоған екіжақты тауар айналымын 10млрд долларға дейін ұлғайту туралы ұсыныс қойды.

Сонымен бірге түрік басшысы ҚР Президентінің қолдауымен бастау алған Сирия жөніндегі Астана процесі Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттыратынын айтты.